

Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 42-401-VI "Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәліктерін беру қағидасы мен оның сипаттамасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 53-474-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 маусымда № 5669 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 7 бабының 5 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 42-401-VI "Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік куәліктерін беру қағидасы мен оның сипаттамасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық акілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5211 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Сарыағаш аудандық
мәслихат хатшысы*

Б. Садықов